**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**
**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**
**НАО «Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева»**
**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**
**NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”**

«Тіл оқытудың инновациялық тәсілдері: теория мен практиканы ұштастыру» атты I Көктемгі Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары
2025 ж. 4 сәуір

«Инновационные подходы преподавания языков: слияние теории и практики»»
Материалы I Весенней Международной научно-практической онлайн конференции
4 апреля 2025 г.

“Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice””
Proceedings of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference
April 4, 2025

**Астана, 2025 ж.**

УДК 80/81
ББК 81.2
B18

**Chief Editor***:* Perizat Zh. Balkhimbekova – Head of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”, PhD, assistant professor

**Editorial Board**:

Dina K. Kurmanayeva – PhD, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Ainagul M. Mukhtarkanova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Madina Zh.Tussupbekova – candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Assem M. Kysyrova – candidate of philological sciences, assistant professor of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Aigul K. Sadykova – PhD, a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

Saltanat K. Mukanova – a senior teacher of the Foreign Languages Department of the NJSC “The L.N. Gumilyov Eurasian National University”

**I Spring International Scientific and Practical Online Conference “INNOVATIVE APPROACHES OF LANGUAGE TEACHING: BRIDGING THEORY AND PRACTICE”:** Proceedings of the online conference (Astana, April, 2025). – Astana: NJSC “The L.N. Gumilyov ENU”, 2025. – 220p.

The proceedings of the annual conference include scientific articles of participants of the I Spring International Scientific and Practical Online Conference “Innovative Approaches of Language Teaching: Bridging Theory and Practice”, which was held at the Foreign Languages Department on April 4, 2025 in an online format. Materials in these proceedings can be of interest to young and experienced researchers, university and school teachers, different level students who are involved in pursuing research into modern approaches to developing foreign language skills; competence-based modeling in foreign language teaching; interaction of multicultural communication, linguistics, translation with foreign language teaching; the use of information technologies in foreign language teaching.

Authors are fully responsible for the content of their scientific articles and the truthfulness of the facts indicated.

ISBN 978-601-385-060-3

## Table of Contents

**SECTION 1**
**ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ**

**ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКАМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИЙ**

**TECHNOLOGY-ENHANCED LANGUAGE LEARNING**


THE FUTURE OF HIGHER EDUCATION
***Ali Güneş***………………………………………………… 8-11

TEACHING LITERATURE IN THE DIGITAL AGE: TOOLS FOR ENGAGING LANGUAGE LEARNERS
***Asım AYDIN***……………………………………………… 11-16

DOES AI HAVE EMOTIONS? EXPLORING THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN DESIGNING SYLLABUS FOR SHORT STORY LITERATURE CLASSES
***Mustafa CANLI***………………………………….……..…… 16-21

DECODING SOCIETAL TRENDS THROUGH SOCIAL TEXTS: A TRANSLATION-BASED FRAMEWORK FOR ENHANCING LINGUISTIC COMPETENCE AND INTERCULTURAL AWARENESS IN ELT
***ÖZDEMİR. Ö***…………………………………………… 21-29

ПОДГОТОВКА ЛИНГВИСТОВ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ОБЛАСТИ ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ
***Владимирова С.В***………………………………………..…. 30-34

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ: ПРАКТИКООРИЕНТИРОВАННЫЙ АСПЕКТ
***Кочконбаева С. И., Сулайманжанова Н. С***…………..…. 34-42

ПРЕИМУЩЕСТВА ОНЛАЙН ОБУЧЕНИЯ, НА ПРИМЕРЕ ЛАТИНСКОГО ЯЗЫКА
***Жакаева Г. К., Иметова Ж. К***……………….……………… 42-46

THE USE OF CRITICAL THINKING IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES
**Zhandildinova A.M.**
**Zhanayeva Zh.A**..…………….……………………..………… 46-50

*THE INTEGRATION OF AI TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE INSTRUCTION: A CRITICAL ANALYSIS OF PROS AND CONS*
***Otyzbayeva K., Zarkesheva A***..…………….………………………… 50-53

USING VIDEO MATERIALS IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES
***Ospanova F.A***..……………….………………………………… 53-57

ENHANCING LANGUAGE PROFICIENCY: APPROACHES TO TEACHING PHRASEOLOGY
***Alzhanova A. Kerimbaeva K., Kemelbekova E*****…………….** 57-61

*МОТИВАЦИОННЫЙ ПРОФИЛЬ УЧЕНИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА УЧЕБНУЮ МОТИВАЦИЮ*
***Балтынова А.Ш., Буркитбаева А.Г., Дуйшоналиева Б. Т*****………..** 62-65

*SPEAKING THROUGH READING:*
*MEDIA DISCOURSE AS THE RESOURCE FOR VARIOUS TOPICS*
***B.G. Smagulova*** ………..…………………………………… 66-70

*MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ*
***Мусабаева Г.М*****.……….………………………………..……** 71-74

*ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*
***Нұрғалиева Ұ.С., Мұқанова С.Қ., Ниязбекова А.А*****………………** 74-78

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ: ОТ АНГЛИЙСКОГО КО ВТОРОМУ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ В КАЗАХСКОЯЗЫЧНЫХ ГРУППАХ
***А.К. Аубакирова, Г.К. Тусупова, Г.Ж. Нурбекова, Г.М. Жусупова*****…..** 78-81

ҚАЗАҚ, АҒЫЛШЫН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДЕРІНІҢ ПАРЕМИЯЛЫҚ СИПАТЫ
***Қызырова Ә.М., Нұрдыбаева А.К*****……………………** 81-85

**Section 2**
**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТІЛ ҮЙРЕНУ**

**ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОЕ ИЗУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВ**

**ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND PERSONALIZED LANGUAGE LEARNING**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
***Бейсенбек Ж*****. …………………………………………** 85-90

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ МҮМКІНДІКТЕРІ
***Ізбасар Н., Кеңес Д. Мухтарханова А. М*****……………….** 90-92

THE INFLUENCE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON A MODERN FIRST-YEAR STUDENT
***Загоруля О.Л., Бектрумова А., Ласкова А*****………………** 93-97

Technology Enhanced Language Learning: The Role of Artificial Intelligence
***Sadykova A.K., Samoilova.K.I, Serzhanuly.Y*****………………** 97-101

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON STUDENT LEARNING
***A. Serikpayeva, G. Bimuratova, Niyazbekova A.A***………… 101-107

FOOD WASTE IN EDUCATIONAL INSTITUTIONS: THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MITIGATION
***Khaidar A., Zhumadi K., Otyzbayeva K.Zh.*……………… 107-109**

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБУЧЕНИИ И ПРЕПОДАВАНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ
***Мусабекова З.С., Имангалиева М.К***………….………… 110-115

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРСОНАЛИЗИРОВАННОГО ИЗУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА С ПРИМЕНЕНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА
***Маликов Н., Аубакирова А.К***……………..…………… 115-117

**Section 3**

**ТІЛДІК ЕМЕС ФАКУЛЬТЕТТЕРДЕ ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ**

**ПРЕПОДАВАНИЕ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ НА НЕЯЗЫКОВЫХ ФАКУЛЬТЕТАХ**

**TEACHING FOREIGN LANGUAGES IN NON LINGUISTIC FACULTIES**

МАТЕМАТИКА ЛОГИКАСЫ МЕН АҒЫЛШЫН ГРАММАТИКАСЫН БАЙЛАНЫСТЫРУ ТЕХНИКАСЫ
***Сейдулла О.О, Буркитбаева А.Г***……….……………………. 118-121

English for Specific Purposes in the Higher Education System of Kazakhstan
***Burkitbayeva D.K., Zhaksylykov A.Z., Ustelimova N.A***………….. 121-128

MECHANICAL ENGINEERING AND VIRTUAL REALITY: ANALYZING AND IMPROVING THE CAR AERODYNAMICS.
***Kumekov Nurassyl, Dyusengalieva A. A***………………... 128-133

ENHACING SPECIALIZED ENGLISH LANGUAGE SKILLS FOR VARIOUS SECTORS OF TOURISM
***Mukanova L.S., Tazhitova G.Z***……………………….…. 133-137

ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS THROUGH THE INTERPRETATION OF AUTOCHTHONOUS TEXTS
***Shakhputova Z.Kh., Aitmukhamedgali M***…………………….. 138-143

THE ROLE OF CULTURALLY CONTEXTUALIZED ELT IN ENHANCING CRITICAL THINKING SKILLS AMONG KAZAKHSTANI LEARNERS
***Shukirbayeva B.K., Kurmanayeva D.K***…………………. 143-150

ПРОБЛЕМЫ МОТИВАЦИИ СТУДЕНТОВ НЕЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ФАКУЛЬТЕТОВ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА
***Жомай Г.К***……………………………………………. 151-154

ВЫГОРАНИЕ И КУЛЬТ ПРОДУКТИВНОСТИ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ПЕРВОГО КУРСА УНИВЕРСИТЕТА
***Загоруля О.Л., Берекетова Т., Жұмажан Ж., Бақыт Ә., Ашкенова Д***.............................................................. 154-158

**Section 4**

**ҮЗДІКСІЗ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ**

**НЕПРЕРЫВНОЕ И МНОГОЯЗЫЧНОЕ ОБУЧЕНИЕ**

**LIFELONG AND MULTILINGUAL EDUCATION**

THE IMAGE OF WOMEN IN KAZAKH LITERATURE: PAST AND PRESENT
***Әмзе А., Баймұханбет Н., Мухтарханова А. М***……………. 158-163

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ
***Закарина Қ., Казимова Г., Мухтарханова А. М***…………………. 163-168

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕНУ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ
***Арғынбаева Ұ., Куралбаева А., Мухтарханова А. М***…......... 168-170

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ
***Қонысбек Ж., Рахымбек Е., Мухтарханова А.М***................... 171-174

АБАЙ МЕН ШЕКСПИР: ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ҮНДЕСТІК
***Мұхтар А.Т., Мухтарханова А.М***....................................... 175-178

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАР
***Пернебай Е., Мухтарханова А. М***…................................... 178-182

АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ БРИТАНДЫҚ АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ 182-186
***Серикбол Ж., Мұратбек А., Мухтарханова А.М***..................

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ЕРТЕГІЛЕРІНЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ: «ЕР ТӨСТІК» ПЕН «ДЖЕК ЖӘНЕ БҰРШАҚ САБАҒЫ»
***Шаукен Ә., Капбасова А., Мухтарханова А. М***................

186-190

**Section 5**
**ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ**

**ОНЛАЙН И ГИБРИДНОЕ ЯЗЫКОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ**

**ONLINE AND HYBRID LANGUAGE EDUCATION**

THE BENEFITS OF USAGE HYBRID EDUCATION FOR FOREIGN LANGUAGE
***Alatay. N.Sh., Nurgaliyeva U. S***.......................................... 190-195

ОНЛАЙН ЖӘНЕ АРАЛАС ТІЛДІК ОҚЫТУ
***Шора А. Қ., Балхимбекова П.Ж***........................................ 195-199

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН SLANG СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ӘСЕРІ
***Жолтан М., Қатарбай А., Тусупбекова М.Ж***.......................
199-206

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ
***Қуанышбек А.Б., Нұрдыбаева А.Қ***...................................... 206-212

ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ
***Ахмет Қ., Балхимбекова П.Ж***............................................ 212-215

*GAMIFICATION IN FOREIGN LANGUAGE TEACHING: THE EFFECTIVENESS OF MOBILE APPLICATIONS IN INCREASING STUDENT MOTIVATION*
**Zhamikhanova D.K., Mukushev D.G**. .................................... 216-220

**ӘОЖ 372.881.111.1**

# MIND MAP ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ЕМЕС МАМАНДЫҚТАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ


***Мусабаева Г.М.***

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*



**Түйіндеме:** Бұл мақалада ағылшын тілін үйрену барысында тілдік емес мамандықтағы студенттердің оқылым дағдыларын дамыту үшін Mind Map (ақыл картасы) әдісін қолдану қарастырылады. Әдістің теориялық негіздері, оның артықшылықтары және білім беру процесінде тәжірибелік қолданылуы сипатталған. Mind Map әдісі ақпаратты визуализациялауға, мәтіндерді жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі, сондай-ақ логикалық және сыни ойлауды дамытады. Жүргізілген эксперимент бұл әдісті қолдану студенттердің үлгерімін арттырып, оқыту процесін неғұрлым тиімді ететінін көрсетті.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается использование метода Mind Map (ментальных карт) для развития навыков чтения у студентов неязыковых специальностей в процессе изучения английского языка. Описаны теоретические основы метода, его преимущества, а также практическое применение в образовательном процессе. Метод Mind Map способствует визуализации информации, улучшает понимание и запоминание текстов, а также развивает логическое и критическое мышление. Проведенный эксперимент показал, что использование данного метода повышает успеваемость студентов и делает процесс обучения более эффективным.

**Annotation:** This article examines the use of the Mind Map method (mental maps) for developing reading skills in students of non-linguistic specialties during the process of learning English. The theoretical foundations of the method, its advantages, and its practical application in the educational process are described. The Mind Map method facilitates the visualization of information, improves text comprehension and retention, and enhances logical and critical thinking. The conducted experiment demonstrated that using this method increases students' academic performance and makes the learning process more effective.



**Түйін сөздер:** mind map, ақыл карта, оқу дағдысы, тиімді әдіс, визуализациялау (көрнекі бейнелеу)

**Ключевые слова:** Mind Map, ментальная (интеллектуальные карты), навыки чтения, эффективный метод, визуализация

**Keywords:** Mind map, mental map, reading skill, effective method, visualization


Шетел тілдерінің маңызы мен қазіргі білім беру жүйесінде студенттердің білім сапасы мен дағдыларын дамыту мен қалыптастыру сөзсіз маңызды болып табылады. Технологияның озуымен қатар, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын дамытуды қызықты, әрі тиімді ұйымдастыруға болады. Жалпы білім беру саласында оқылым дағдыларын дамыту және визуализация әдістерін қолдану бойынша көптеген зерттеулер бар. Мысалы, графикалық органайзерлер, соның ішінде Mind Map, тіл үйренушілердің мәтінді түсінуін және есте сақтауын жақсартуға көмектесетіні белгілі. Бұл әдістер ақпаратты құрылымдауға, негізгі идеяларды бөліп көрсетуге және олардың арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Теориялық тұрғыдан алғанда, Mind Mapping – студенттердің идеяларды есте сақтауына немесе жазбаша ақпаратты түсінуіне мүмкіндік беретін әмбебап әдіс. Сонымен қатар, бұл техника студенттерге оқиғаларды үлгілер, тірек сөздер немесе символдар арқылы байланыстыруға көмектеседі. Бұл тәсілде негізгі идея немесе тақырып диаграмманың ортасына орналастырылады, ал оған қатысты ұғымдар тармақтар түрінде қосылады. Бұл құрылым мәтіннің мазмұнын көрнекі түрде ұсынуға және оны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Көптеген студенттер оқу дағдыларын меңгеруде қиындықтарға тап болады және бұл мәселелер уақыт өте келе сақталуы мүмкін. Ақыл картасы – негізгі санаттары үлкенірек тараулардың бөлімдері ретінде сипатталатын графикалық ұйымдастырушы (Budd, 2004). Ол идеялар жасау, жазба жүргізу, ұғымдар мен идеяларды дамыту, сондай-ақ есте сақтауды жақсарту үшін қолданылады (Buzan & Buzan, 2000). Бұл оқытушыларға оқыту процесін тиімді етуге және білім алудың берік негізін қалыптастыруға көмектесетін қуатты құрал.

Ақыл картасы стратегиясы әсіресе визуалды студенттер үшін пайдалы, өйткені олар ойлауды басқаруға, оқуды ұйымдастыруға және түрлі ұғымдар арасындағы байланыстарды орнатуға көмектесетін құралдар болып табылады (Stephen & Hermus, 2007). Ақыл картасын қолдану стратегиясында оқытушылар визуалды және сызықтық құрылымға қатысты өз идеяларын еркін білдіре алады (Ruffini, 2008)[1].

Оқылым дағдысын дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқылым – тек ақпарат алудың құралы ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау мен логикалық талдаудың негізі. Осы дағдыларды тиімді қалыптастыру үшін әртүрлі әдістер қолданылады. Соның ішінде Mind Map әдісі студенттердің мәтінді түсіну, құрылымдау және есте сақтау қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Ақыл карталарын сызу – мидың ақпаратты көру арқылы оңай есте сақтауына көмектесетін процесс, өйткені ол монотонды, жалықтырғыш сызықтық жазбаларға қарағанда есте сақтауды жеңілдетеді.

Мәтінді түсіну – туа біткен дағды емес, сондықтан оны арнайы оқу стратегияларын оқыту арқылы қалыптастыру қажет (Alfassi, 2004). Осыған байланысты **i-THINK** карталарының кейбір түрлері, мысалы, **Шеңбер картасы (Circle Map), Көпіршік картасы (Bubble Map), Ағаш картасы (Tree Map)** және **Ағын картасы (Flow Map)**, студенттердің мәтінді немесе тапсырманы тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, мұғалімдер әртүрлі оқу стилдерін ескеруі керек. Олар әрбір оқушының өзіндік ерекше қабілеттері бар екенін мойындауы тиіс, өйткені Гарднер (1983) теориясы бойынша **i-THINK** карталары оқушылардың оқу стилдеріне бейімделіп, олардың әлеуетін толық ашуға көмектеседі[2].

Mind Map әдісінің оқылым дағдысын дамытудағы маңызы өте зор. Mind Map әдісін қолдану арқылы студенттер оқылым материалын жүйелі түрде талдап, негізгі және қосымша ақпараттарды байланыстырып, мәтін мазмұнын оңай түсініп, есте сақтай алады. Осы әдістің бірнеше артықшылықтарын қарастырдықр[3]:

**1. Негізгі ойды анықтау**

Оқылым барысында студенттер алдымен мәтіннің басты ойын түсінуі қажет. Mind Map әдісі арқылы:

- Негізгі идеяны анықтап, оны диаграмманың ортасына орналастыру;
- Негізгі ойдан таралатын тармақтар арқылы қосымша ақпараттарды анықтау мүмкіндігі артады.

**2. Тірек сөздермен (keywords) жұмыс**

Оқылым мәтінінде кездесетін негізгі терминдер мен тірек сөздерді анықтау маңызды. Тілдік емес мамандықтағы шетел тілін оқытуда, әсіресе екінші семестрде мамандыққа байланысты терминологияда өте қолайлы. Бұл әдіс:

- Тірек сөздерді картаға енгізіп, олардың мағынасын түсіндіруге;
- Әрбір тірек сөзге қатысты қосымша мәліметтерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

**3. Мәтіннің құрылымын талдау**
Мәтін құрылымын түсіну оқылымды тиімді етеді, уақыт үнемдеп, ақпаратты жүйелеп, қажеттіні анықтауға таптырмас әдіс. Mind Map арқылы:

- Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындыны жеке тармақтарға бөлу;
- Әр бөлімнің маңызды ойларын анықтау;
- Себеп-салдарлық байланыстарды көрсету оңай жүзеге асады.

**4. Оқиғаның дамуын көрсету**
Егер мәтін белгілі бір оқиғаны сипаттайтын болса, оның дамуын Mind Map көмегімен көрсетуге болады. Бұл әдіс:

- Уақыт желісі бойынша негізгі оқиғаларды ретімен орналастыруға;
- Оқиғаның себептері мен салдарын анықтауға;
- Оқиға барысындағы негізгі кейіпкерлер мен олардың рөлдерін белгілеуге көмектеседі.

**5. Жаңа білімді байланыстыру**
Mind Map әдісі жаңа алынған ақпаратты бұрынғы біліммен байланыстыруға мүмкіндік береді. Студенттер:

- Оқылған материалды өздерінің тәжірибесімен және басқа пәндермен ұштастыра алады;
- Жеке көзқарастарын білдіріп, шығармашылық тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытады.

**Mind Map әдісінің артықшылықтарын қысқаша айтсақ:**
Ақпаратты есте сақтауды жеңілдетеді;
Логикалық және сыни ойлауды жетілдіреді;
Күрделі ақпаратты жүйелі түрде ұсынуға көмектеседі;
Топтық жұмыс пен шығармашылық ойлауды дамытады;
Студенттердің мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын жақсартады.

Алайда, тәжірибе барысында бірқатар кемшіліктерін байқадық. Олар:
- топтық жұмыс барысында бір адам ойын картаға салса, топ мүшелері тірек сөздің мәтінмен байланысын немесе негізгі идеясын түсінбей қалуы мүмкін;
- ұзақ уақыт өткеннен кейін ассоциативті қатар өзгеруі мүмкін: нәтижесінде ақыл-ой картасының авторы барлық семантикалық байланыстарын есте сақтау қиынға соғады.

**Тәжірибеде қолдану:**
Өз тәжірибемізде тілдік емес мамандықтар, әсіресе сәулет-құрылыс факультетінің студенттерімен осы әдісті шетел тілінің оқылым дағдысын дамытуда сәтті қолданып келеміз. Қазіргі таңда Mind Map сызып беретін онлайн вебсайттар мен арнайы дайын қосымшалар бар. Дайын шаблонды таңдап, оқылатын мәтіннен тек тірек сөздерді алып, толырып алса электронды түрде дайын болады. Олардың бірқатар түрі мыналар:

1. MindMeister
2. MindMup
3. Coggle
4. Xmind
5. MindJet Mindmanager

Бұл вебсайттардың артықшылықтары мен қатар біраз кемшіліктері де бар. Ең қолайсызы, көбінесе бір шаблоннан кейін қалғанын жасау үшін ақылы түрде қосылуы

қажет. Кейде студенттер шығармашылықтарын жақтаусыз шындағысы келгенде, олар өз қолдарымен плакаттарға салып, шексіз қиялдарымен түрлі ақыл карталарын дайындайды. Сәулет-құрылыс факультетінің студенттерді сурет салу мен сызуды жиі қолданғандықтан, осы әдісті тиімді әрі, өздеріне қызықты етіп орындайды. Шет тіліндегі негізгі тірек сөздерді мәтіннен оңай таңдай ала отырып, әрі өз идеяларын қағаз бетінде оңай оқылатындай жасап келеді. Эксперименттік зерттеу бақыланатын және эксперименттік топтағы сабақтарда қолданылды. Бақыланатын топтағы студенттер дәстүрлі әдіспен, ал эксперименттік топта mind map жасау әдісімен оқытылды. Осы зерттеудің нәтижесі эксперименттік топтың тесттің орташа баллдары 81, ал бақылау тобындағы тесттің орташа баллдары 70 болғанын көрсетеді. Бұл тұжырым ақыл картасын жасау әдісін қолданудың студенттердің оқу қабілетіне әсері бар екенін көрсетеді. Студенттер жауапкершілікпен қарап, шығармашылықпен, оқу үдерісінен ләззат алды. Осылайша, mind map әдісі осы факультет студенттеріне оқылым дағдысын дамытуда тиімді деп саналады деген қорытынды жасауға болады. Бұл оларға ағылшын тіліндегі мәтіндердің мазмұнын түсінуге үйретеді. Ақыл-ой картасы әдісінің көмегімен студенттердің мәтіндерді оңай түсінетіндігі анықталды. Олар сондай-ақ мәтінді қайта мазмұндап, сұрақтарға тірек сөз арқылы жауап бере алды.

**Қорытынды**

Mind Map әдісі студенттердің оқылым дағдысын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл тәсіл арқылы тілдік емес мамандық студенттерінің мәтінді терең түсіну, мамандыққа қатысты негізгі ақпараттарды шет тілінде есте сақтау және логикалық байланыстарды анықтау оңайырақ болады. Білім беру процесінде осы әдісті белсенді қолдану студенттердің оқылымға деген қызығушылығын арттырып, олардың академиялық жетістіктеріне оң әсерін тигізіп келеді. Жоғарда айтылған аталмыш әдістің артықшылықтары оң нәтиже беріп қана қоймай, студенттердің шығармашылықтарын, сыни ойлау дағдысын жақсартты. Тәжірибе қысқа уақытта өтсе де, апта сайынғы мәтіндерді бақылау тобы мен эксперименттік топтағы нәтижелерді салыстыра отырып, оқылым дағдысын жақсартуға таптырмас әдіс деп айтуға болады.

**Қолданылған әдебиеттер:**


1. Bahareh Malekzadeh, Abbas Bayat (2015) The Effect of Mind Mapping Strategy on Comprehending Implicit Information in EFL Reading Texts, International Journal of Educational Investigations www.ijeionline.com, Vol.2, No.3: 81-90
2. Siti Rohaya Sharif , Charanjit Kaur Swaran Singh (2023) The Use of i-THINK Mapping in Teaching, Studies in English Language and Education, 10(1), 78-95
3. Nihta Liando (2022), English teaching in the lens of mind mapping: examining its effectiveness in improving students` reading skills. Journal of English Culture, Language, Li... Vol. 10, Iss: 2, pp 296-308


*************************

УДК 8.81.13